

**ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, АГРОХИМИЯ, КОРМОПРОИЗВОДСТВО,  
АГРОЭКОЛОГИЯ, ЛЕСНОЕ ХОЗЯЙСТВО**

УДК 633.37

**АЙЫР ЛОТУС ӨСІМДІГІНІҢ ГҮЛДЕНУ ЖӘНЕ ТҮҚЫМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЁКШЕЛІКТЕРІ**

**Әлмішев У.Х., Әшімбетов Н.К., Аянбек Ф.Ж., Қаппасова А.М.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Павлодар мемлекеттік университеті*

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендегі, Ертіс өзені аңтарында айыр лотусты көктемгі тасыған судың шалғындықта тұру уақытына, жауын-шашын мөлшеріне, ауа температурасына байланысты жазғы мерзімде оны екі рет оруға болады.

Сонымен қатар, түқым өнімділігі топырактағы қоректік заттар мөлшеріне, өсімдіктің өну күшіне, сабактануына, үрпакты өркен санына байланысты өзгеріп отырады.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 2004-2006 жылдары арнайы тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, онда айыр лотусты ору санына байланысты оның үрпакты сабакшалар санының азаю себебін аныктадық (1-кесте).

**1-кесте. Айыр лотустың ору ретіне карай генеративтік органдар түзілуі, %**

Ору реті	Гүл мен түқым шашылуы, %				Сакталғаны
	ашылмаған гүлдер	ашылған гүлдер	бүршаққыннан	барлығы	
Бірінші	23,30	27,70	15,65	66,65	33,35
Екінші	12,65	24,35	3,35	40,35	59,65

Егер дақылды түқымға оруға бірінші шабуды қалдырса, гүлдену мерзімі маусымның бірінші жартысына келеді. Бұл кезде күн әлі жылына қоймайды, жауын-шашын мөлшері молырақ түседі. Айыр лотус сабағы жақсы дамыған, гүл шашак саны да көп, жалпы түқым өнімін көбірек алуға болады. Дегенмен, жауын-шашын мөлшері көп түскен жылдары айыр лотустың жатып қалу қаупі де бар және осы мезгілде айыр лотусты тозаңдатуға ұшып келетін жабайы аралар саны да көп емес (күннің салқындығына байланысты). Осы себепті үрпакты өркен беретін гүлдердің көбі шашылып қалады да, түқым түзбейді.

Ал айыр лотусты бірінші көкбалаусаға орып алған соң, оның алшынкөгінің дамуы жаздың жылы мезгіліне (шілде, тамыз) сәйкес келеді де, өсімдіктің гүлденуі өте жақсы жүреді, бірақ, осы мезгілдегі жауын-шашын мөлшерінің Ертіс өзені аңтарына тым аз түсүіне байланысты ашылған айыр лотус гүл шашактарының жерге түсүі кездеседі. Осы мерзімдегі айыр лотус сабактарының тым жылдам өсуі және алдыңғы орудағы өсімдіктердің қоректік заттарды көп пайдалануы, екінші оруда көптеген ұсак гүл шоғырлардың пайда болуына әкеліп соғады, осыған орай ірі гүл шоғырлар саны азаяды. Бұл кезде гүл шоғырын тозаңдатыратын аралар саны (тамыз) да азаяды, олар бұл өсімдіктерден тоғайдығы басқа өсімдіктерге ауысады. Осы себепті, екінші орымдағы айыр лотус түқымының өнімі жоғары емес. Түқым мөлшерін екінші орымда көбейту үшін шабындықта арнайы суару жұмыстарын жүргізу және қосымша қоректендері қажет. Ұш жылдық (2004-2006 жылдары) зерттеулер нәтижелері көрсеткеніндей, түқым өнімділігі және түқым сапасы ең алдымен, өнімді жинау мерзіміне және оның ұзақтығына тікелей байланысты (2-кесте).

**2-кесте. Айыр лотус түқымының пісу мерзіміне байланысты сапалық көрсеткіштері (2004-2006 жылдар)**

Түқымының пісу мерзімі	1000 түқымының салмагы, г	Өркендеу күші, %	Өнімділігі, %
Сүттену	0,63	22,1	54,8
Сүттену – балауыздану	0,82	34,5	74,5
Балауыздану	1,17	67,3	88,2
Толық пісу	1,27	60,3	91,6

Сырт көзбен және арнайы есептер көрсеткеніндегі, айыр лотусты тұқымға оруды ерте (тиімді ору уақытынан 5 тәулік бұрын) бастаған жағдайда жиналған өнім мөлшері орта есептен 17 пайызға тәмендейді. Оның себебі, жиналымның құрамында сол кезде піспеген тұқым мөлшерінің көптігіне байланысты, оның салмағы (1000 тұқым) 0,63-0,82 г, өркендеу күші 30-40%-ға тәмен және осыған байланысты жалпы өнімділік 54,8-74,5%-ғана құрайды.

Жоғарыда көрсеткеніздегі, айыр лотустың гүлденеуі мен пісіп-жетілуі ұзақ мерзімге созылуына байланысты жиналған өнім құрамында толық піскен бұршаққындар да бар, олар жарылып, өсімдік айналасына атылып, шашыла бастайды. Осындай тұқымның шалғындық бетіне шашылуын зерттеу нәтижелерінен анық көруге болады (3-кесте).

**3-кесте. Айыр лотус бұршаққынының ашылып, тұқымның шашылу мөлшері, %**

Мерзімі	Ашылған бұршаққындар		Ашылмаған бұршаққындар	Шашылған тұқымдар
	Толық	Жартылай		
Шілде аяғы-тамыз басы	10,2	5,3	84,5	2,48
Тамыздың бірінші онкүндігі	20,3	5,0	74,7	7,85
Тамыздың екінші онкүндігі	21,5	11,7	66,8	8,14

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендегі, айыр лотус өсімдігінен тұқым алу үшін ору уақытын белгілеуде ең алдымен, бұршаққындардың шашыла бастау ретіне өте үлкен көніл аудару қажеттігін көрсетті.

Бұл мәселеге уақытымен, мұқият көніл аудару (кешігіп ору бастау) өсімдік бұршаққындарының ашылып, тұқымның шалғындық бетіне шашылуына жол береді.

Ғалымдар зерттеулері мен өндірістік тәжірибелер көрсеткендегі бұршақ тұқымдастарды жинау уақытын: тұқымның ылғалдақ мөлшерімен, тұқымның 1000 салмақ көрсеткішімен және өнімділігімен анықтауга болады. Бірақ, бұл әдістерді пайдалану үшін көп уақыт және лабораториялық алдын-ала зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет, сол себепті фермерлік шаруашылықтар үшін тиімсіз. Біздің ойымызша, шаруашылықтар үшін өте женіл әрі жылдам, қаржыны қажет етпейтін әдіс – ол айыр лотус өсімдігі құрылымындағы піскен (коңыр тұсті) және әлі толық пісе қоймаган (жасыл, жасыл-коңыр тұсті) бұршаққындар арақатынасын есептеу. Негізінен толық піскен айыр лотустың бұршаққыны коңыр, қара-коңыр, балауыздану кезінде ақшыл қоңыр, сүттену және сүттену-балауыздану уақытында жасыл, бурыл түске ауысады. Егер бұршақтың түсінің коңыр және қара-коңырлару 70% асса тұқымға жинауды бастауга болады.

Жалпы айыр лотус өсімдігінің гүлденеу және пісіп жетілуі барлық бұршақ тұқымдастар сияқты биологиялық қасиетіне байланысты, осыған орай оның қалың сабағындағы тұқым өнуі де өсімдік бойының әр жерінде әр түрлі болады. Біздің анықтағанымыздай, айыр лотус ең алдымен, өзінің тәменгі (бірінші) қабатынан бастап гүлдей бастайды. Одан соң гүлденеу ортаңғы (екінші) қабатқа жылдам ауысады. Осы себепті айыр лотус өсімдігінің алғашқы (негізінен ортаңғы) қабатындағы бұршаққындар саны және ондағы тұқым мөлшері (ірілігі) жоғары қабатындағыдан әлдекайда көп. Олардағы алынатын тұқымдар сапасы да әлдекайда жоғары.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткеніндегі, Ертіс өзені шалғынның өнетін айыр лотус тұқымының ретіне қарай өсімдіктің қандай қабатында бұршаққындар ерте пайда болса, сол қабатта сапалы тұқым түзіледі, оның өнімі де мол болады.

Осыған байланысты айыр лотустан мол тұқым алу үшін тек қана жалпы өсімдіктегі бұршақтың санын ғана есептеп қоймай, әрбір бұршаққындағы (әр қабатта саны әр түрлі) тұқым санын есептеу қажет; себебі бұршаққындағы тұқымдар саны, оның ірілігі, орналасу қатарына байланысты өзгеріп отырады.

- Шаханов Е.Ш., Альмишев У.Х. и др. Рекомендации по улучшению остеопенирующейся части поймы р.Иртыш путем подсева лядвенца рогатого. Павлодар, 2000, 17 с.
- Полежаева Н.И. и др. Лядвенец рогатый в Пермской области. Ж. Кормопроизводство, №11, 2005г., с.31-32.

\*\*\*

В статье приведены результаты формирования урожайности лотуса рогатого при оставлении на семена различных укосов.

In the article bringing productivity longstanding legumes grass by the lotus corniculatus remaindering on the seed different mowes.

УДК 633.85 (574.52)

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОНТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНЫҢ ТӘЛІМІ ЖЕРИНДЕ МАҚСАРЫ ТАМЫР ЖҮЙЕСІНІҢ ӨСІП-ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Арыстанғұлов С.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Ауылшаруашылығы дақылдарының тамыр жүйесі олардың маңызды органды болып саналады. Себебі, тамыр топыраққа терендеп бойлап, оны барлық бағыттарда қою жінішке торларымен торлап, өсімдіктің жер үсті бөлігін ылғалмен және көректика заттармен үздіксіз қамтамасыз етеді. Тамыр тек топырақтың абиотикалық элементтерімен күрделі қатынасқа түсіп қана қоймайды, сонымен қатар, топырақ микроорганизмдерімен, бактерияларымен, балдырлармен, саңырауқұлактармен және басқа организмдермен үнемі байланыста болады. Өсірсек, өсімдіктер тамыр жүйесінің оның вегетативтік массасымен байланысы өте күрделі. Сондықтан әрбір дақылдың тамыр жүйесін зерттеудің фылыми-практикалық маңызы зор [1,2].

Республиканың онтүстік және онтүстік-шығыссының қуаныш және шелейт аймақтарында болашағы зор майлар дақылдар қатарына мақсары жатады. Өсімдік қуанышылыққа төзімді және тәлімі жерлерде жақсы өнім қалыптастырады. Көптеген зерттеушілер мақсарының қуанышылыққа төзімділігін тамыр жүйесінде қуаттылығымен байланыстырады [3].

Ізденистің мақсаты – шелді-далалы аймақта мақсары тамыр жүйесінің өсіп-дамуын зерттеу. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін, 2001-2003 жылдары Алматы облысы, Балқаш ауданына қарасты «Байменей» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің «тастанды» жерлерінде егістік тәжірибе қойылып, онды мақсары тамыр жүйесінің топырақ қабатында орналасу сипаты және оның өнімділікпен байланысы зерттелді.

Тәжірибе алаңшасының топырағы-такырлы боз, механикалық құрамы-орташа саздақты, A+B=30 см горизонттындағы қара шірік мазмұны – 1,0% шамасында. Топырағы карбонатты, фосфордың жылжымалы формаларымен өте әлсіз, ауыспалы калиймен жақсы қамтамасыз етілген. Топырақ құрамындағы жалпы азоттың мөлшері-0,074%, жалпы фосфор-0,13%, топырақтың жоғарғы қабатындағы қалдық тұздар тығыздығы 0,4-0,8%. Химизм типі-хлорлы-сульфатты, ыза суларының орналасу терендігі 150-170 см, дәмі-ащи.

Мақсары дақылының тамыр жүйесінің топырак қабаттарына бойлауы және оның тарамдану сипатын зерттеу өсімдіктің сабактану, бұтактану, шанақтану, гүлдеу және тұқымшасының пісү сатыларында жүргізілді (1-кесте).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендегі, мақсары тамыр жүйесі вегетацияның алғашқы сатыларында баяу өсіп-дамитының байқатты, егер өсімдіктің көктеуден сабактану сатысына дейін орташа есеппен 30-35 күн аралығында негізгі тамырдың орташа тәуліктік өсімі 0,57 см құраса, осы сатының аяғында дақылдың негізгі тамыры топырақтың 17,1 см терендігіне жетті, сол кезде бірінші қатардағы бүйір тамырлар ұзындығы 2-3 см құрады. Бұтактану сатысында мақсары тамыр жүйесінің өсу екпіні екі еседен аса жылдамдап, негізгі тамыр ұзындығы 36,6 см жетіп, бірінші қатардағы бүйір тамырлардан анық байқалатын екінші қатардағы тамыршалар пайда болады. Шанақтану сатысында мақсарының негізгі тамыры біршама ұзарып өседі де, оның топыраққа бойлауы 68,5 см жетеді.

Негізгі тамырдың ең жылдам өсуі шанақтану-гүлдеу кезеңдерінде жүріп, тәулікаралық өсу қарқыны 2,94 см болады. Бұл кезде мақсарының негізгі кіндік тамыры топырақтың 112,6 см терендігіне жетеді. Вегетацияның бастапқы сатыларында дақылдың бүйір тамырлары горизонтальды бағытта дамыса, ал гүлдеу сатысынан кейін вертикальды бағытқа ауысады. Бүйір тамырлар негізгі тамырға тік бұрышпен орналасады.

1-кесте. Мақсары негізгі тамырының вегетация сатыларында өсіп-дамуы (2001-2003жж.)

Вегетация сатылары	Негізгі тамыр ұзындығы, см	Сатыаралық кезеңдердегі негізгі тамырдың өсуі, см	Тәулікаралық тамырдың өсу қарқыны, см
Сабактану	17,1	17,1	0,57
Бұтактану	36,6	19,5	1,08